

Ленгер қаласы М.Бишимбаева көшесінде шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы әкімінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 38 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабының 2 тармағының 10) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Төлеби аудандық аумақтық инспекциясының 2015 жылғы 25 мамырдағы № 01-13/85 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ленгер қаласы М.Бишимбаева көшесінде ветеринариялық іс-шаралар кешенінің толық орындалуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Төлеби ауданы Ленгер қаласы әкімінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 22 "Ленгер қаласы М.Бишимбаева көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3133 тіркелген, 2015 жылғы 18 сәуірдегі "Ленгер жаршысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім заңнамада белгіленген тәртіппен қала аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдансын және Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментіне хабарлансын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Татыбаевқа жүктелсін.

*Ленгер қаласы әкімінің міндетін
уақытша атқарушы*

Б.Ешімбетов